

Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Боранқұл жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2006 жылы Боранқұл жалпы білім беретін мектебі ашылып өз жұмысын бастаған болатын. Биыл алтындай қымбатты,білім мен тәрбиенің ошағына айналған аяулы мектебімізге 17 жыл! Бұл-үлкен қуаныш, зор мәртебе! Сонымен қатар үлкен жауапкершілікті қажет ететін іс болып табылады. Мектебіміздің білікті ұстаздары мен білімді оқушылары - көптеген байқаулар мен сайыстарға, олимпиадалар мен конференцияларға қатысып, ұжым абыройын асқақтатты. Мектебіміздің тарихына қысқаша тоқталып өтсек:

2006 жылы 41 мұғаліммен бастап, 393 оқушы қабылданып, қазіргі таңда ол сан екі есеге өсіп қазіргі уақытта мұғалім саны 92ге артып, 621 оқушы білім нәрін алуда. Қазіргі таңда мұғалімдердің санаты бойынша 14 педагог зерттеуші, 15 педагог сарапшы, 21 педагог модератор жұмыс жасайды.15 жыл ішінде осы білім ордасынан 389 шәкірт 11 бітіріп мектеп аттестатын алып, үлкен өмірге қадам басқан болатын. Осы жылдар ішінде 198 мектеп бітіруші түлектер жоғарғы оқу орнына түсті. Соның ішінде 67 оқушы мемлекеттік білім грантына ие болды. Мектеп тарихында алтын белгімен 2 оқушы, ерекше аттестация 8 оқушы, ерекше куәлікпен 10 оқушы бітіріп шықты. Сонымен қатар мектебіміз «Табиғатпен үндес мектеп» конкурсының облыстық кезеңінде 2008 жылы II орын, 2021 жылы I орын иеленген болатын. 2021 жылы Үздік жылыжай байқауында облыстан III орын алды.

Міне, осындай жетістікке жету үшін барлық жанын салған мектеп басшылығымен ұстаздарына айтар алғысымыз ерекше. Мектеп имиджінің бір көрсеткіші болып - спорт жетістіктері есептеледі. Мектебімізде 3 оқушы спорт шеберлігіне үміткер куәлігін алды.

Мектептің ашылу барысынан көріністер



Мектебіміздің 16 жылдық тарихында басшылық еткен мектеп директорлары

Маңғыбаев Мәлік Айдынғалиұлы



1953 жылы наурыз айының 10-шы жұлдызында Атырау облысы Жылыой ауданы Биікжал ауылында дүниеге келген. Биікжал ауылындағы орта мектепті ойдағыдай тәмамдап, 1970-1974 жылдары Атырау қаласындағы Гурьев педагогикалық институтының физика–математика факультетіне түсті. Институтты физика пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Алғаш еңбек жолын Бекжал орта мектебінде физика пәні мұғалімі боп бастап, кейіннен отбасылық жағдайына байланысты ұстаздық

жолын Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Боранқұл ауылындағы Опорный орта мектебінде жалғастырған. Опорный орта мектебіндегі еңбек жолында бірнеше жыл мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс жасады. Одан соң аталған мектептің директорлық қызметін атқарды. 2007 жылдың қаңтарынан бастап, жаңадан бой көтерген мектеп басшысы болып тағайындалып, 2016 жылға дейін Боранқұл орта мектебінің директоры болып жұмыс жасап, 2016 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты.

Мәлік Айдынғалиұлы – өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде тынбай еңбек еткен үлгілі ұстаз, ұйымшыл ұжымды қалыптастыра білген білікті басшы. Бірнеше рет аудандық, облыстық, марапаттардың иегері атанды. «Нұр Отан» партиясының төсбелгісімен марапатталды. Маңғыбаев Мәлік Айдынғалиұлы отбасында аяулы жар, арқа сүйер әке, ардақты ата бола білді. Бұл күнде қыздары Маңғыбаева Злиха Мәлікқызы Маңғыбаева Анар Мәлікқызы әке жолын қуып, асқан жауапкершілікпен қатар тынбайтын еңбекпен осы ұжымда ұстаздық етіп келеді.

«Басшы қабандай қайсар, қасқырдай күшті, сауысқандай сақ, қаршығадай қырағы болсын. Бастық елді билеу, шаруашылықты ұйымдастыру туралы жазылған ғылымның негізін жақсы білуі қажет. Халықты дұрыс басқару үшін басқару ғылымын меңгермей болмайды» деген Жүсіп Баласағұнидің осы ғибратты сөзіндегі негізгі ой ағайымыз еткен басшылыққа ұқсайды. Олай дейтінім, қанатының астынан сан түлекті қияға ұшырып отырған білім ошағының негізін қалап, ондағы адамдарды бір тудың астына біріктіріп, үздік ұжымды қалыптастыру кез-келгеннің қолынан келмейтін дүние.

Көрсеткен қажыр қайрат пен төзімділік, еткен адал еңбек пен сарп еткен алтын уақыты арқасында өзін ұлықтайтын ұрпақтың бары ағайымыздың қандай адам екендігінің айқын дәлелі емес пе?! Жалт еткен келте ғұмырдың соңғы сәтіне дейін басшылық етіп шаршамаған ағайымыздың айтып тауыса алмайтын марапаттары мен алғыстары қаншама.

Соның бірігейі аудан, облыс көлемінде бөленген құрметі мен алған алғыстары:

2005 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің «Алғыс хаты»

2005 жылы Қазақстан Республикасы орталық сайлау комиссиясының «Алғыс хаты»

2012 жылы Боранқұл селолық әкімінің «Алғыс хаты»

2016 жылы Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқаны үшін «Құрмет грамотасы»

Бейнеу ауданының әлеуметтік-экономикалық саласының дамуына үлес қосқаны үшін Бейнеу ауданының әкімінің «Құрмет грамотасы»

2016 жылы Білім бөлімінің басшысының «Алғыс хаты»

2010 жылы «Сердце, Отданное детям» атты кітабында Маңғыбаев Мәлік Айдынғалиұлының жетістіктері жарық көрді.

2011 жылы Бейнеу ауданы Білім бөлім бастығының «Алғыс хаты» мен марапатталған болатын.





Бисенгалиева Улмекен Кабиевна
(Қазіргі таңда «Опорный жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің директоры)

1969 жылы 14 қаңтарда дүниеге келді. 1992 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Ұлттық мектептегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітіріп шығып, 1992 жылы алғашқы еңбек жолын Қарақұм орта мектебінен бастаған. Еңбек жолында 1999-2001 жылдар аралығында Қарақұм орта мектебінде мектеп директорының тәрбие – ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, 2002-2007 оқу жылдарында мектеп директорының оқу – ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.

2007 жылдан бастап Қарақұм орта мектебінің мектеп директоры қызметіне тағайындалып, 2016 жылдан бастап Боранқұл жалпы білім беретін мектебінің мектеп директоры қызметіне ауысып келді. Жалпы еңбек өтілі – 33 жыл. «Боранқұл жалпы білім беретін мектеп» КММ-де 5 жылдан астам уақытта басшылық етіп келген. Істің мақсатын құрып, оның орындалуын қажетті жағдайды айқындай тәжірибелі басшы. Әр баланың жан дүниесін түсіне алатын психолог ретінде балаларды тәрбиелеуде халқының ғасырлар бойы келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіруде тынбай еңбек етіп, Ұстаз ретінде педагогикалық міндеттерді жүзеге асыру үрдісін сауатты түрде ұйымдастырып, алынған нәтижелерді шебер саралап, тұжырымдар мен қорытындылар жасап отырады. Тәрбиеші ретінде тәрбиелік және дамытушылық маңызды іс – әрекеттерді ұйымдастырып жүреді. Ұйымдастыру қызметі болмағанда тәрбие болмайды, сондықтан оқушы тұлғасының ішкі талант күштерінің ашылып, арта түсуіне жағдай жасай білу керек. Халқымыздың ұлттық тәрбиесімен оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеуде бүкіл күш жігерін салып отырады. Оқушыларды қоршаған ортаның құбылмалы жағдайларына бейімделуге және пәрменді түрде қарсы тұра білуіне арналған ақпараттарды қолданып, сабақта өзіндік білім көтеру тақырыбы бойынша көрнекіліктерді пайдаланып оқушыларды оқуға бағытталған жаңа әдістерді іздеуге, жаңа ұғымдар мен құбылыстарды практикалық формада ұғынуға арналған тың ойлау тұрғысын қалыптастыруға жетелеуде. Оқушылары көптеген сайыс – байқаулардан жүлделі орындар алып жүр.

Еңбексүйгіштік, өзіне талап қоя білу, ашық әңгімелесу, кез – келген жеткіншектің жүрегіне жол таба білу – Ұлмекен Қабиқызының басты ерекшелігі болып табылады. Ол көптеген марапаттардың иесі. 2018 жылы 13-14 қыркүйек аралығында бастауыш партия ұйымдарының аймақтық форумы аясында өткен «Нұр Отан» партиясы Саяси менеджмент академиясының семинар-тренингін табысты аяқтағаны үшін сертификат берілді. Сондай – ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғысы», 2016 жылы ҚР-сы Білім және Ғылым министрлігінің «Білім берудегі жаңа философиялық тұжырымдамалық ойлар негізінде мектептегі педагогикалық жүйені басқару» тақырыбында өткізілген курсына белсенділік көрсеткені үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 2017 жылы 27-30 наурыз аралығында Маңғыстау облысының мектеп басшылары үшін семинар-практикум жұмысына қатысқанын растайтын сертификат, 2017 жылы Халықаралық Әйелдер күні мерекесіне орай қашықтықтан ұйымдастырылған республикалық эсселер байқауында «Менің директорым – ең сұлу педагог!» номинациясы бойынша ІІ орын иеленіп, арнайы «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 2018 жылы Орта Азия мемлекеттерінің ғылыми – педагогикалық қауымдастығының ұйымдастыруымен дайындаған «Қазақстан педагогикалық энциклопедиясы» кітабына енгізіліп, педагогикалық қызметтегі ерекше табыстарым үшін арнайы «Диплом» берілді. 2018 жылы «Жарқын» республикалық ғылыми – ақпараттық, танымдық – тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Менің басшым...» атты эссе жазу

байқауының кейіпкері атанып, арнайы «Дипломының» иегері болды. 2018 жылы «Нұр Отан» партиялық жобаларға ат салысып, қоғам өміріне қосқан елеулі үлесі үшін 1 – Наурыз «Партия күні» мерекесіне орай «Алғыс хатпен» марапатталса, II санат бойынша Республикалық «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауының облыстық кезеңінде белсенділік танытқан «Нұр Отан» партиясы Бейнеу аудандық филиалының «Боранқұл» бастауыш партия ұйымы II дәрежелі дипломын иеленді. Сонымен қатар, оқушылар мен мұғалімдер арасында қашықтықтан ұйымдастырылып жатқан Республикалық Ұлттық интернет олимпиада байқауында білім алушылардың ынтасын арттыруға және болашақ ұрпақтың тәрбиесіне қосқан үлесі үшін «Алғыс хат» берілді. 2019 жылы 16-17 қазан алматы қаласында өткен «ӨРЛЕУ» БАҰО АҚФ Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми – педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институтының және «Жаңа білім – new – edu.kz» ақпараттық білім беру порталының қолдауымен өткізілген «Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтың бірі» халықаралық семинар – форумға қатысып, жоғары деңгейлі және мазмұнды баяндама жасап, «Ұлы даланың жеті қыры»: ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұлт тарихының дамуы мен тарихи сананың жаңғыруындағы ерен еңбегі» тақырыбында Республикалық ғылыми – тәжірибелік конференцияға қатысып келді.

«Боранқұл жалпы білім беретін мектеп» КММ-сінде басшылық еткен жылдары, 2020-2021 оқу жылдарында «Табиғатпен үндес мектеп» байқауына қатысып, аудан бойынша I орын, облыс бойынша жүлделі I орынды жеңіп алды. «Үздік жылыжай» байқауы бойынша аудан бойынша жүлделі I орынды, облыс бойынша III орынды иеленді. Жаңа оқу жылында мектепте IT және инклюзив кабинеттерінің ашылуына ықпал жасады.



**Табаракова Балжан Зинетоллаевна
(Қазіргі таңда «Боранқұл жалпы білім беретін
мектеп» КММ-нің директоры)**

Егемен еліміздің ертеңгі тұтқасын ұстайтын білімді де саналы жас ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздың еңбегі зор. Шәкірттердің санасына сәуле ұялатып, білім нәрімен сусындататын мұғалімдер - мектептің тірегі мен жүрегі. Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері, ұстаздар көшінің шоқтығын биік еткен тұлғаның бірі - **Табаракова Балжан Зинетоллаевна**. Табаракова Балжан Зинетоллаевна – 1966 жылдың 23 маусымда Гурьев облысы Ембі ауданы Құлсары поселкесінде дүниеге келген. Білімі – жоғары. 1986 жылы Гурьев педагогикалық институтын «бастауыш оқытудың педагогикасы мен методикасы» мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық жалпы еңбек өтілі – 36 жыл. Еңбек жолын алғаш 1984 жылы Опорный орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі қызметінен бастады. 2007 жылдан Боранқұл орта мектебінің ашылуына байланысты аталмыш мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып ауысты. 2013-2016 жылдары Боранқұл орта мектебінде бастауыш сыныптың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Егемен еліміздің ертеңгі тұтқасын ұстайтын білімді де саналы жас ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздың еңбегі зор. Шәкірттердің санасына сәуле ұялатып, білім нәрімен сусындататын мұғалімдер - мектептің тірегі мен жүрегі. Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері, ұстаздар көшінің шоқтығын биік еткен тұлғаның бірі - **Табаракова Балжан Зинетоллаевна**. Табаракова Балжан Зинетоллаевна – 1966 жылдың 23 маусымда Гурьев облысы Ембі ауданы Құлсары поселкесінде дүниеге келген. Білімі – жоғары. 1986 жылы Гурьев педагогикалық институтын «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен методикасы» мамандығы бойынша бітірген. Педагогикалық жалпы еңбек өтілі – 36 жыл. Еңбек жолын алғаш 1984 жылы Опорный орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі қызметінен бастады. 2007 жылдан Боранқұл орта мектебінің ашылуына байланысты аталмыш мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып ауысты. 2013-2016 жылдары Боранқұл орта мектебінде бастауыш сыныптың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2016-2017 оқу жылында Опорный орта мектебіне директор қызметіне тағайындалып, адал қызмет етіп, бүгінгі таңда Боранқұл жалпы білім беретін мектептің директоры қызметінде. Жаңадан келген басшы қазіргі мектепті басқару ісіне белсене араласты. Кәсіби құзіретті басшы, жоғары жаңашыл потенциалдың иесі Табаракова Балжан Зинетоллақызы педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктерін өз деңгейінде қалыптастыруда. Мектептің дамуын жаңаша көзқараспен қарайтын ізденіспен жұмыстанатын басшы аудандық «**Үздік директор-2016**» байқауына қатысып, ерекше жетістікке жеткені үшін марапат иесі атанды. Сонымен қатар шәкірт жүрегіне жол таба білетін ұстаз. Шәкірттерін облыстық, республикалық көлемдегі олимпиадаларға қатыстырып, Алғыс хат, Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Көп жылдар бойы аянбай еткен еңбегі еленіп, аудандық білім бөлімінің «ҚҰРМЕТ ГРОМАТАСЫ» және Облыстық Білім басқармасының «ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСМЕН» Білім Министрдің «ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН» марапатталды. Табаракова Балжан Зинетоллақызы - іскер ізденімпаз, жаңалыққа жаны құштар, өз ұстанымы айқын, мемлекеттік деңгейдегі талап-тілекке өзіндік үлес қоса білетін, кәсіби шеберлігі жоғары ұстаз, іскерлік қабілеті жоғары басшы.

2022 жылы ротациялық жолмен «БОРАНҚҰЛ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КММ-сіне басшы болып тағайындалды. Балжан Зинетоллақызы біздің мектептің тәрбие және білім жетілдіруге үлкен мән беріп келеді. Мектебіміздің мұғалімдерінің және оқушыларының жетістіктеріне ел куә болып, қуанышқа бөленуде. Балжан Зинетоллақызы оқушыларды үлкен өмірге даярлауға, қабілеті мен бойындағы икемділігіне сәйкес мамандыққа баулуға, ең басты адамгершілікке тәрбиелеу жұмыстарын өрістеуді ұйымдастыруға назар аударуда.

Балжан Зинетоллақызы - жаны таза, ұқыпты адам. Эстетикалық талғамы жоғары, адамгершілігі биік, жақсы сырлас. Ақыл-парасаты өмірден көрген білгендерімен ұштасып жатады. Үш баланың анасы, немере-жиендерінің сүйікті әжесі, отбасында, ұжымында сыйлы жан. Әріптестерімен тату, керек жағдайда көмек қолын созады, Өзіндік мәдениеті жоғары дербес тұлға.



Жариева Жаңылсын Адайбайқызы
(Ы. Алтынсарин төсбелгісі иегері)

1979-1982 жылдары

Гурьев педагогикалық училищесін «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 2007 жылдан бері «Боранқұл жалпы білім беретін мектеп» КММ-нде бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарып келген зейнеткер мұғалім.

2011 жылы аудандық білім бөлімінің «Құрмет грамотасы», облыстық білім басқармасының «Алғыс хатымен», Білім және ғылым министрілігінің Ү. Алтынсарин төс белгісімен марапатталды.

Жариева Жаңылсын өз саласының үздік маманы. Елімнің болашағы деп үміттенетін бүгінгі жас ұрпаққа білім нәрін сеуіп, еңбексүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеп, білімі мен өнегесін кішкене бүлдіршіндерге арнап, бойындағы бар күш - жігерін шәкірт тәрбиелеуге жұмсаған аяулы ұстаз. Үнемі сабақты сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізіп отыратын жаңашыл бола білді. Осы жұмыстың нәтижесінде оқушылары белсенді, өз ойын еркін жеткізе алатын ізденімпаз тұлғаға айналады.